29.02.2024-ты № АФМ-16-2-13/1471-И шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ МОНИТОРИНГ АГЕНТТІГІ

АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ФИНАНСОВОМУ МОНИТОРИНГУ

010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 10 тел.
тел.: +7 (7172) 70-84-79, 32-13-04

010000, город Астана, ул. Бейбитшилик 10
тел.: +7 (7172) 70-84-79, 32-13-04

_____ № _____

_____

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары
Н.А. Сарсенғалиевке
Ж. Амантайұлына
Р.Р. Зайытовқа
С.М. Пономаревке
М.М. Толықбаевқа
Н.С. Шаталовқа
Е.С. Бапиге
Д.Т. Мұқаевқа

15.02.2024 жылғы №ДС-55 хатқа

Қаржылық мониторинг агенттігі Сіздердің қаржылық пирамидаларға қарсы іс-қимыл шараларын қабылдау бойынша сұрау хатыңызды қарап, қосымшаға сәйкес ақпарат жолдайды.

Қосымша: 3 парақта.

Құрметпен,
Төраға **Д. Малахов**

29.02.2024 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы) Копия электронного документа.

орын.: К.Ш. Байкуатова
тел.: 708479 (21112)

Қосымша

1. «L-Capital Finance» қаржы пирамидасына қатысты

Қылмыстық процестік кодексіне (187-бап) сәйкес қаржы пирамидаларға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша алдын ала тергеуді сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған ішкі істер органдары немесе экономикалық тергеу қызметі жүргізеді, яғни бұл бап баламалы тергеулікке жатады.

«L-Capital Finance» ұйымдастырушыларына қатысты сотқа дейінгі іс жүргізуді Алматы қаласының **полиция органдары** 2021 жылғы ақпанда тіркегенін атап өткен жөн.

Сол жылдың наурыз айында бұл іс Бас прокуратураның **арнайы прокурорларының** өндірісіне қабылданып, тергеу нәтижелері бойынша **сотқа жолданды.**

Алайда, соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және заң бойынша жауаптылыққа әкеп соғады («Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 1-бабы).

2. «Amanat Home» тұтынушы кооперативіне қатысты

«Amanat Home» ТК мен оның аффилиирленген компанияларынының ұйымдастырушыларына қатысты Алматы облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті (бұдан әрі – ЭТД) қаржы пирамидасы белгілері бар қызметті ұйымдастыру фактісі бойынша (қылмыстық кодекстің 217-бабы) тергеу жүргізуде. Тергеу нәтижелері бойынша құқықтық баға берілетін болады.

Осы жобаның құрбаны болған азаматтарға сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде жәбірленуші ретінде тану және заңды құқықтарын іске асыру үшін ЭТД-ге арыздану ұсынылады.

3. Қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл бойынша қабылданатын шараларға қатысты

Қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс Қаржылық мониторинг агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) ерекше бақылауында.

2021 жылдан бастап «қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл» арнайы жоба жүзеге асырылуда. Онда KPI ретінде қаржы пирамидаларының өмірлік циклін және олардың салымшыларының санын қысқарту айқындалды. Бағдар ерте профилактикаға алынып, кешенді шаралар қабылдануда.

Мәселен, IT-құралдарды пайдалана отырып, интернет-кеңістікте құқыққа қайшы контенттің (жаңалықтар порталдары, блогтар, сайттар және әлеуметтік желілердің аккаунттары) ізделуі жүзеге асырылады.

Қаржылық пирамидалардың белгілері бар материалдар «Кибернадзор» жүйесінде бұғаттау үшін Мәдениет және ақпарат министрлігіне (бұдан әрі – МАМ) жолданады. Құрылған алгоритм өткен жылы **7,8 мыңнан астам,** ал осы жылы **1 мыңға** жуық (983) сілтемені бұғаттауға мүмкіндік берді.

Өткен жылы превентивтік жұмыс аясында, Агенттік әлеуметтік желілердегі **518 мың** аудиториясы бар **113** құқыққа қайшы чаттар мен аккаунттарды (Whatsapp

және Telegram мессенджерлерінде 62 чат, Instagram-да 51 аккаунт) жауып тастады. Ағымдағы жылдың қаңтар-ақпан айларында **44 мың** қатысушы аудиториясы бар **36** топтық чаттар мен аккаунттар (Whatsapp және Telegram мессенджерлерінде 8 чат, Instagram-да 28 аккаунт) жойылды.

2023 жылдың басынан интернет-ресурстарды тексеру бойынша **Telegram-бот** іске қосылды. Азаматтар сайттар мен әлеуметтік желілерді қаржы пирамидалары белгілерінің болуына дербес тексеріс жүргізе алады. Бұл олардың «алаяқтық» схемаларға араласуына жол бермейді. Бот жұмыс жасайтын кезден бастап азаматтардың **7 мыңға** жуық өтінімі қаралды.

Халықты, заңды тұлғаларды және ұйымдарды ақпараттандыру мақсатында, өткен жылдың мамыр айынан бастап Агенттіктің сайтында қылмыстық істер бойынша жобалардың және сот үкімдері шыққан пирамидалардың тізімдері жарияланады, және ай сайын жаңартылады.

Осы жұмысты заңнамалық реттеу және Қаржылық мониторинг, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттіктері мен Ішкі істер министрлігіне арнайы өкілеттіктер беру үшін «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңына түзетулер (пирамидалар тізімдерін жариялау, азаматтарды ақпараттандыру және құқықтық тәрбиелеу және т.б.) әзірленді.

Облыстық және аудандық орталықтардың азаматтар көп жиналатын орындарында (кинотеатрларда, қоғамдық көліктерде, аялдамаларда, ХҚКО-ларда, «Led» экрандарда және т.б.) қаржы пирамидаларының заңсыз қызметі туралы бейнероликтер көрсетілуде. Еңбек ұжымдары арасында қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша дәрістер өткізілуде.

Дін қызметкерлері уағыз кезінде пирамидалардың теріс салдары туралы азаматтарды хабардар ету бойынша профилактикалық жұмысына қатыстырылуда.

Профилактикалық сипаттағы ақпарат коммуналдық қызметтерге ақы төлеу жөніндегі түбіртектерде орналастырылады. Қаржылық пирамидалардың теріс салдары туралы азаматтарға СМС хабарлаудың жолдануы басталды. Бірінші кезеңде **50 мың** «Beeline» абонентіне хабарлама жіберілді.

Тұрақты негізде брифингтер мен баспасөз конференциялары өткізіледі, Агенттік қызметкерлері еліміздің жетекші арналарының телебағдарламаларына қатысады, журналисттермен, тақырыптық блогерлермен және өзге де қоғам қайраткерлерімен сұхбаттар жазылады.

Мысалы, 2023 жылдың 11 қазанында Агенттік Алматыда белгілі қаржыгер-блогер Әсел Ауылбековамен кездесу өткізіп, қаржылық сауаттылық және азаматтарды ақпараттандыру тақырыбына «подкаст» жазылды (https://youtube.com/watch?v=Yt7uzPilm2g&si=HPe9v3-5_qA-aTcA).

2023 жылдың 16 қарашасында қаржы волонтері және «Стоп-пирамида.кз» жобасының авторы, Мәжілістің экс-депутаты Юрий Лимен жұмыс кездесуі өтті, оның барысында алаяқтық жобаларға қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар астаналық ЭТД журналист Динара Сатжанмен бірлесіп, Instagram-да тікелей эфир өткізді, Алматы қаласы және Түркістан облысы бойынша ЭТД қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша брифингтер өткізді.

Оған қоса, аталған жұмысқа жастардың қоғамдық ұйымдары мен волонтерлік қозғалыстар қатыстырылуда.

Мәселен, 2 қарашада «ALAYAQ.NET» атты алаяқтыққа қарсы республикалық жастар қозғалысы және халық арасында қаржылық сауаттылықты арттыру» жобасын дамыту бойынша «Медицина жастары» РҚБ-мен меморандумға қол қойылды («Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранты бойынша МАМ қолдауымен іске асырылуда).

Бұл жобаның мақсаты алаяқтықты әшкерелеу және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру болып табылады. Алдын алу жұмыстары әлдеқашан басталды, алғашқы нәтижелер олардың ресми сайтында және әлеуметтік желілердегі аккаунттарында жарияланды.

Агенттік 2022-2026 жылдарға арналған қаржылық мониторингті дамыту тұжырымдамасы шеңберінде, оқушылар мен студенттер арасында жалпы білім беру пәндерін нығайтуда және қаржылық қауіпсіздік бойынша олимпиадалар өткізуде.

Оқу-ағарту министрлігі 2022-2023 оқу жылында мектеп бағдарламасына (5-11 сыныптар) «қаржылық сауаттылық» негіздерін қамтитын «Жаһандық құзыреттілік» курсын енгізді.

Барлық жоғары оқу орындарының жалпы білім беру пәндеріне қаржылық қауіпсіздік бойынша тақырыптар енгізілді.

Еліміздің ең ірі жоғары оқу орындарының бірі «Тұран» университетімен бірлесіп, 2021 жылдан бастап «Қаржылық мониторинг кафедрасы» құрылды.

2023 жылы Агенттік 77 мыңға жуық тыңдаушыны қамтитын 914 білім беру мекемелерінде (мектептер – 722 (47 603 оқушы), колледждер – 106 (15 047 студент), ЖОО – 86 (13 999 студент)) «қаржылық қауіпсіздік» бойынша дәрістер өткізді.

Қауіпсіздік мәселелерін насихаттау республикалық және халықаралық олимпиадаларды өткізу арқылы да жүзеге асырылады.

Мәселен, оқу-ағарту министрлігімен және «Дарын» ғылыми-практикалық орталығымен бірлесіп, 2023 жылдың сәуір-мамыр айлары аралығында республикалық Олимпиада өткізілді, оған 3 мың оқушы қатысты.

Анықтама үшін: оның қорытындысы бойынша «Тұран» университетінде тегін оқуға гранттар берілді: 1 орын үшін – 2 студент 2 жылға грант алды; 2 орын үшін – 3 студент 1 жылға грант алды; 3 орын үшін – 5 студент бірінші оқу жылына 50% мөлшерінде жеңілдік алды.

Өткізілген пилоттық жобаның нәтижелері бойынша Оқу-ағарту министрлігіне осы олимпиаданы Қазақстан Республикасының республикалық олимпиадаларының тізбесіне енгізу туралы хат жолданды.

Осы бағыттағы жұмыс әрі қарай жалғасуда.